ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 15 маусым Іс №7119-26-00-2/4226 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья И.А. Жабағыбаева, сот отырысының хатшысы Н.К. Онғар қатысуымен аудио бейнетіркеу құралдарын пайдалана отырып ашық сот отырысында талап қою бойынша азаматтық істі қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Астана қаласындағы Ұлттық академиялық кәтпаханасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«MT Logistic» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Мусабаева А.Ж.
жауапкердің өкілі Сарсенбаев К.К.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2026 жылғы 8 қаңтарда Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің "Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – тапсырыс беруші) мен «MT Logistic» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай - орындаушы) арасында жалпы сомасы 1 151 360 теңгені құрайтын құрылыспен байланысты емес жұмыстарды (033-103-159 Қарды жинау (жою) жөніндегі жұмыстар) мемлекеттік сатып алу туралы №040540003287/260004/00 электрондық шарт (бұдан әрі - шарт) жасалды, оның талаптары бойынша 01.01.2026 жылдан 30.04.2026 жылға дейін және 01.10.2026 жылдан 31.12.2026 жылға дейін қоса алғанда және Тапсырыс берушіден өтінім түскен сәттен бастап 5-6 сағат ішінде қарды жинау (жою) бойынша қызметтер көрсетеді.

2026 жылғы 9 қаңтарда шарт қазынашылықтың аумақтық органында тіркелді.

2026 жылғы 5 наурызда талап қоюшы шартқа техникалық ерекшелікке сәйкес жауапкерге өтінімді жіберген. Осы өтінім бойынша жауапкер қарды жинау жөніндегі жұмыстарды орындаған жоқ.

2026 жылғы 31 наурызда шарттың 8.4-тармағы бойынша жауапкер жұмыстарды орындаудан бас тартқан кезде талап қоюшыда осы Шартты біржақты тәртіпте бұзу туралы хабарлама жіберді.

2026 жылғы 21 сәуірде шарт біржақты тәртіппен бұзылды.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызбен жүгінді.

Жауапкер өзінің жазбаша пікірінде талап қоюшының сотқа мерзімінен бұрын жүгінгенін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қою талабын қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі жазбаша пікірде келтірілген уәждерді қолдап, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабының талаптары бойынша міндеттеме шарттың талаптарына және заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

Азаматтық кодекстің 273-бабына сәйкес, заңда немесе шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес міндеттемені бұзу деп оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (уақтылы, міндеттеменің мазмұнымен айқындалатын шарттарды бұза отырып) түсіндіріледі.

Шарттың 4.1 бабының 3) тармақшасына сай өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде орындалатын жұмыстардың шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 17-бабының 9-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелер тапсырыс беруші мен өнім беруші шарт бойынша толық орындаған жағдайда орындалды деп танылады.

АПК-нің 72-73-баптарына сәйкес тараптардың әрқайсысы өз талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге міндетті.

Жауапкердің міндеттемені ішінара орындағаны анықталды - тараптар 570 000 теңге сомасына құрылыспен байланысты емес орындалған

Документ подписан: Жабагибаева И. А., 21.06.2026
Дата вступления в законную силу: 21.07.2026, судья Жабагибаева И. А., 06.08.2026
7119-26-3-1/3874

жұмыстардың қабылдап алу-беру актісіне қол қойған, ал шарттың жалпы құны 1 151 000 теңге құрайды.

2026 жылғы 5 наурызда талап қоюшы шартқа техникалық ерекшелікке сәйкес жауапкерге өтінімді жіберген. Осы өтінім бойынша жауапкер қарды жинау жөніндегі жұмыстарды орындаған жоқ.

Талап қоюшы 2026 жылғы 21 сәуірде шарт біржақты тәртіппен бұзған. Аталған шарт жауапкер тарапынан дау тудырылмаған өйткені ол шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындалмаған.

Заңның 8-бабының 4-тармағының 4-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі олармен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Сот дәлелдемелердің жиынтығы мен істің мән-жайын негізге ала отырып, өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану үшін негіздердің толық тізбесі заңмен реттелетінін ескере отырып, сот талапты қанағаттандыруға келеді.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Астана қаласындағы Ұлттық академиялық кәтпаханасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «MT Logistic» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«MT Logistic» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«MT Logistic» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 2 163 (екі мың жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне тараптар апелляциялық шағым, прокурор өтінішхат беруі мүмкін. Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде ал сот талқылауына қатыспаған адамдар шешімнің көшірмесі өздеріне жіберілген күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Судья **И.А. Жабағыбаева**

Документ подписан: Жабагибаева И. А., 21.06.2026

Дата вступления в законную силу: 21.07.2026, судья Жабагибаева И. А., 06.08.2026

7119-26-3-1/3874

Документ подписан: Жабагибаева И. А., 21.06.2026

Дата вступления в законную силу: 21.07.2026, судья Жабагибаева И. А., 06.08.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»